

Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 тамыздағы № 1037 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2015 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 210 бұйрығын қараңыз.

«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 4-бабының 19) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н
К. Мәсімов*

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

9

т а м ы з д а ғ ы

№

1 0 3 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 4-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленген және

технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру
т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) грант алушы – осы Қағидаларға сәйкес грант алған өтініш беруші;
- 2) өтініш беруші – жеке тұлға, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, осы Қағидаларға сәйкес инновациялық грант алуға арналған өтінімін қарауға ұсынған заңды тұлға;
- 3) өтінім – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген белгіленген үлгідегі өтініш;
- 4) индустриялық-инновациялық жоба (бұдан әрі – жоба) – технологиялар трансфертіне, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар және қызметтер жасауға бағытталған, белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын іс-шаралар кешені;
- 5) инновациялық грант – инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің индустриялық-инновациялық жобаларын іске асыру үшін оларға өтеусіз негізде берілетін бюджет қаражаты;
- 6) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері – Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында жобаларды іске асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар;
- 7) грант – технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық г р а н т ;
- 8) инновация – жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде практикалық тұрғыдан іске асырылған нәтижесі;
- 9) сараптамалық кеңес – құрамына технологиялық кәсіпкерлік саласындағы тәуелсіз сарапшылар кіретін, ұлттық институт құратын, тұрақты әрекет ететін консультативтік-кеңесші орган;
- 10) технологияларды коммерцияландыру – оң экономикалық әсер алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық пайдалануға байланысты қызмет;
- 11) макет – әзірленетін бұйымның жекелеген сипаттамаларын зерттеу, қабылданған техникалық және көркемдік шешімдердің негізділігін тексеру үшін дайындалған бұйымның немесе оның бір бөлігінің оңтайландырылған көшірмесі;
- 12) модель – іс-әрекет қағидатын тексеру және сипаттамаларын айқындау

мақсатында дайындалған әзірленетін өнімнің қасиетін қалпына келтіретін немесе
қ а й т а л а й т ы н б ұ й ы м ;

13) ұлттық институт – технологиялық даму саласындағы ұлттық даму
и н с т и т у т ы ;

14) өнеркәсіптік прототип – өндіріске қосу және/немесе мақсаты бойынша
пайдалану мақсатында сынау жолымен оның белгіленген техникалық талаптарға
сәйкестігін тексергеннен кейін жаңадан әзірленген жұмыс құжаттамасы бойынша
дайындалған өнімнің соңғы үлгісі;

15) технология – пайдаланылуы жаңа немесе жетілдірілген тауарларды,
жұмыстарды және қызметтерді алуды қамтамасыз ететін, бірыңғай өндірістік
циклде жұмыс істейтін процесс және (немесе) жабдықтар кешені;

16) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы
уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – индустрия және
индустриялық-инновациялық даму саласындағы басшылықты жүзеге асыратын,
сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және
индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға
қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

17) технологияларды коммерцияландыру орталығы – технологияларды
коммерцияландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға, ғылыми ұйымның, жоғары
оқу орнының немесе дербес білім беру ұйымының құрылымдық немесе
о қ ш а у л а н ғ а н б ө л і м ш е с і ;

18) сынақ-тәжірибелік үлгі – ұсынылған шешімдерді тексеру мақсатында
зерттеу және әзірлеу сатысынан өткен, әзірленетін өнімнің негізгі қасиеттеріне
и е ө н і м ү л г і с і .

3. Гранттар өтініш берушілерге индустриялық-инновациялық қызметті
мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде беріледі.

4. Гранттарды беруді осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті орган мен ұлттық
институт арасында жасалған шарт негізінде инновациялық гранттар беруге
көзделген қаражатты бөлу арқылы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық грант
беруге арналған өтінім берілген сәтте барлық ғылыми зерттеулер аяқталуы тиіс.

6. Гранттарды беру кезінде осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес отандық
және шетелдік сарапшыларды тарта отырып, тәуелсіз сараптама жүргізіледі.

7. Өтініш берушілерге осы Қағидалардың ережелерін түсіндіруді ұлттық
институт қамтамасыз етеді, сондай-ақ ұлттық институтпен келісімшарт жасасқан
технологияларды коммерцияландыру орталығы көрсетеді.

8. Ұлттық институттың еншілес ұйымдары гранттарды алуға өтініш
берушілер бола алмайды.

9. Гранттар беру саласындағы ақпараттық қамтамасыз етуді ұлттық институт жүзеге асырады, сондай-ақ оның еншілес ұйымдары жүзеге асыруы мүмкін.

10. Өтініш берушінің осы Қағидаларда көзделген гранттың бір түріне өтінім беруі оны индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамада көзделген өзге инновациялық гранттарды алуға ұмтылысын ш е к т е м е й д і .

11. Таратылу процесіндегі дәрменсіз (банкротқа ұшыраған) деп танылған, мүлкі тәркіленген және (немесе) экономикалық қызметі тоқтап тұрған заңды тұлғалар гранттарды алуға өтініш берушілер бола алмайды.

12. Гранттар жобаны іске асырудың мынадай сатыларына шығындардың бір бөлігін төлеу түрінде беріледі:

1) технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу ;

2) өнеркәсіп прототипін жасау және оны коммерциялық көрсету.

13. Грант технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аяқталған нәтижесі, өнімнің сынақ-тәжірибелік үлгісі немесе бастапқы конструкциясы болған жағдайда беріледі.

14. Грант технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында өтініш беруші міндетті түрде өнеркәсіп прототипін жасау мен оның коммерциялық көрсетілуіне қатысқан жағдайда б е р і л е д і .

15. Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында өтінім беру технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында грантқа ие болған грант алушыларға талап е т і л м е й д і .

16. Өтініш беруші осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысынан өтпей, өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында грант беруге өтінім бере алады.

17. Технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында инновациялық грант беру туралы шарт заңды тұлғалармен, сондай-ақ дара кәсіпкер ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының резиденті – екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шоты бар жеке тұлғалармен ж а с а л а д ы .

18. Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында ұлттық институттың грант беру туралы оң шешімін алған жеке және заңды тұлғалар инновациялық грант беру туралы шартқа қол қою үшін қызметі мәлімделген технологияны практикалық пайдалануға негізделген,

жаңғыртылады. Бұл ретте, өзектілендірілген өтінімді енгізу мерзімі шектелмеген.

25. Технологияны коммерциялық пайдалануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында грант беру рәсімі мынадай кезеңдерден тұрады :

1) ұлттық институттың өтінімдерді қабылдауы және инновациялық гранттар берудің басым бағыттары мен осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкестігі тұрғысынан қарауы ;

2) ұлттық институттың өтінімдерді тәуелсіз сараптауды өткізуді ұйымдастыруы ;

3) ұлттық институттың өтінімдер бойынша мәлімделген шығындардың негізділігін тексеруі ;

4) ұлттық институттың инновациялық грант беру немесе оны беруден бастарту туралы шешім қабылдауы ;

5) ұлттық институттың грант алушылармен инновациялық грант беру туралы шарт жасасуы .

26. Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында грант беру рәсімі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) ұлттық институттың өтінімдерді қабылдауы және инновациялық грант берудің басым бағыттарына және осы Қағидалардың 27, 28, 29-тармақтарына сәйкестігі тұрғысынан қарауы ;

2) ұлттық институттың өтінімдерді тәуелсіз сараптауды өткізуді ұйымдастыруы ;

3) ұлттық институттың өтінімдер бойынша мәлімделген шығындардың негізділігін тексеруі ;

4) сараптамалық кеңестің отырысын өткізу және грант берудің орындылығы бойынша ұсыныстар әзірлеу ;

5) ұлттық институттың инновациялық грант беру немесе оны беруден бастарту туралы шешім қабылдауы ;

6) ұлттық институттың грант алушылармен инновациялық грант беру туралы шарт жасасуы .

27. Грант алу үшін өтініш беруші ұлттық институтқа мынадай құжаттарды ұсынуы қажет :

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инновациялық грант алуға өтініш ;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы ;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоба паспорты;

4) өтінімді қолма-қол ұсынған жағдайда қосылған құн салығына есепке қою туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі, салыстырып-тексеру жүрізілгеннен

кейін құжаттың түпнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда қосылған құн салығына есепке қою туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) заңды тұлғалар үшін – төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, өтінім беру күнінің алдындағы үш айдан астам салық төлеушінің салық берешегінің және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған және салық органының мөрі басылған салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

жеке тұлғалар үшін – салық төлеушінің салықтық берешегінің жоқ (бар) екені туралы салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

6) өтінім беру күнінің алдындағы үш айдан артық банк алдында берешегінің жоқтығы туралы банк (банктердің) басшысының немесе оның орынбасарының қолы мен банк мөрімен куәландырылған банк (банктердің) анықтамасының түпнұсқасы (егер өтінім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болған жағдайда, мұндай анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады);

7) заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес соңғы 2 (екі) жылдағы қаржылық есептілігінің көшірмесі, егер заңды тұлға 2 (екі) жылдан кем қызмет етсе, соңғы жылдағы қаржылық есебі ұсынылады;

8) заңды тұлғалар үшін – өтінімді қолма-қол ұсынған жағдайда жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың түпнұсқасы және көшірмелері салыстырылып тексерілгеннен кейін түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылады немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болады;

9) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған бірінші басшының тағайындалуы/сайлануы туралы құжаттың көшірмесі;

10) заңды/жеке тұлғалар үшін – басшы болып табылмайтын тұлғаға өтінім

беру, қол қою және инновациялық грант беру туралы шартқа қол қою құқықтары берілген құжат;

11) жеке тұлғалар үшін – өтінімді қолма-қол ұсынған жағдайда жеке куәлігінің не паспортының түпнұсқалары мен көшірмелері салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалар өтініш берушіге қайтарылады немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда жеке куәлігінің не паспорттың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

12) өтінімді қолма-қол ұсынған жағдайда лицензиялардың, патенттердің, куәліктердің, дипломдардың, сертификаттардың және өтініш берушінің ғылыми-техникалық саладағы жұмыстарды орындауға біліктілігін растайтын құжаттардың көшірмелері мен түпнұсқалары (бар болған жағдайда), салыстырып-тексеру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар өтініш берушіге қайтарылады немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда өтініш берушінің ғылыми-техникалық саладағы жұмыстарды орындауға біліктілігін растайтын лицензиялардың, патенттердің, куәліктердің, дипломдардың, сертификаттардың және өтініш берушінің ғылыми техникалық саладағы жұмыстарды орындауға (болған жағдайда) біліктілігін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

13) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында орындалатын жұмыстардың күнтізбелік жоспарының жобасы;

14) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысындағы шығыстар сметасының жобасы;

15) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша технологияны коммерциялық пайдалануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысындағы қаржыландыру кестесінің жобасы;

16) мәлімделген технология бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есеп.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).

28. Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында қаржыландыруға үміткер және технологияны коммерциялық пайдалануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында грантқа ие болған өтініш беруші осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасының негіздемесі;

2) мемлекеттік және/немесе жеке меншік сектор тарапынан жоба бойынша

мүдделілік білдіру хаты/хаттары;

3) заңды тұлғаның тіркелгенін растайтын құжат;

4) штатта кәсіпкерлік саласында тәжірибесі бар мамандардың болуын растайтын нотариалды куәландырылған құжаттар.

29. Технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысынан өтпей, өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында грантқа үміткер өтініш беруші осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай материалдар мен құжаттарды ұсынуы қажет:

1) өткізілген сынақтар туралы есепті қоса алғанда, өнім өндірісіне ұсынылған макет және/немесе модель;

2) технологияны қолдану бойынша техникалық құжаттама;

3) технологияны одан әрі коммерцияландыру стратегиясымен алдын ала бизнес-жоспар;

4) технологияны өндіріске енгізуге және (немесе) технологияны сатып алуға мүдделі тұлғалардың ниеттерін растайтын құжаттар;

5) ұлттық патент алуға өтінім (бар болған жағдайда).

30. Грант алуға өтінім ұлттық институтқа мемлекеттік немесе орыс тілдерінде қағаз тасығышта төрт данада – түпнұсқа бір данада және көшірмелер үш данада және электрондық тасығыштарда (PDF немесе JPEG форматында сканерден өткізілген) ұсынылады.

Бұл ретте, тұжырымдаманы негіздеу сатысында осы Қағидалардың 27-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар, өнеркәсіптік прототип жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында осы Қағидалардың 29-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттар ағылшын тілінде электрондық тасығыштарда (PDF немесе JPEG форматында сканерден өткізілген) да ұсынылады.

31. Грант алуға өтінім материалдары бірыңғай бумаға жинақталған, беттері нөмірленген және осы Қағидалардың талаптарына және олардың қосымшаларына қатаң сәйкестікте ресімделген болуы қажет.

32. Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың, бастапқы мәліметтердің, есептердің, негіздемелердің толықтығын және сенімділігін қамтамасыз етеді. Өтініш беруші ұсынған ақпаратта есептерде пайдаланылған мәліметтердің қайнар көзін және есепті жүргізу күнін көрсетуі қажет.

33. Ұлттық институт өтінім туралы ақпаратты гранттар беру процесіне қатысы жоқ үшінші тұлғаларға жария етпеуді қамтамасыз етеді. Өтінім туралы кез келген ақпаратты үшінші тұлғаға беру өтініш берушінің жазбаша келісімімен жүргізіледі.

34. Ұлттық институт қабылдаған өтінімдер тіркелуге және тіркеу күнінен

бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде гранттар берудің басым бағыттарына, мәлімделген грант түрінің мазмұнына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қаралуға тиіс.

35. Өтінім осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өтінім тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұлттық институт өтініш берушіге пошта арқылы және өтініш берушінің сауалнамасында көрсетілген электрондық поштасына (бар болған жағдайда) сәйкессіздікті көрсете отырып, х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Бұл ретте, ұлттық институт өтінімдердің түпнұсқаларын өтініш берушіге пошта арқылы жібереді. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жоюға және қайтадан осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінімді ұсынуға құқылы. Егер өтініш беруші ұлттық институт анықтаған сәйкессіздікті жоймай, өтінімді қайта ұсынған жағдайда, ағымдағы жылы өтінімді одан әрі ұсыну құқығынсыз өтінім қайтарылады.

36. Қабылданған өтінімдер осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, тіркелген күнінен бастап не пысықталған өтінімді алған күнінен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде ұлттық институт өтінім материалдарын (өтініш беруші туралы деректерді көрсетпей) тәуелсіз сараптамаға электрондық түрде жібереді.

37. Өтінішті алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде тәуелсіз сарапшылар ұлттық институтқа қағаз және электрондық тасығыштарда (PDF немесе JPEG форматында сканерден өткізілген) өтінімдер бойынша сараптамалық қорытындыны ұсынады.

38. Ұлттық институт тәуелсіз сараптаманың оң қорытындысын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінімдер бойынша мәлімделген шығындардың негізділігін тексереді.

Шығындар негізділігін тексеру ұсынылған шығындар сметасы негізінде жүзеге асырылады және материалдар мен жинақтауыштарды сатып алу, жұмыстарды жүргізу немесе қызметтерді сатып алу қажеттілігін, олардың номенклатуралары мен бағаларын, түрлі санаттағы жұмыскерлерді жобаны іске асыруға қатысуға тарту қажеттілігін, үстемеақылармен бірге еңбек ақы төлеуге мәлімделген қаражат көлемін, бірлесіп орындаушылар сатып алған құралдары мен материалдарын шамалап көрсетуді қоса алғанда, олардың жұмыстарының құнын, сонымен қатар тартылатын персоналдың санын, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес шығыстар сметасында мәлімделген басқа да шығындарды талдауды қорытындылайды.

39. Өндіріс прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында өтініш берушілер ұсынылған өтінімді қорғау үшін сараптамалық кеңес отырысына қатысады. Сараптамалық кеңес жұмысының тәртібін ұлттық

институт бекітеді, бұл ретте сараптамалық кеңес құрамына технологиялық кәсіпкерлік немесе қызметі технологияларды практикалық пайдалануға негізделген компания құру саласында кемінде 5 (бес) жыл тәжірибелік жұмыс өтілі бар сарапшылар ғана кіре алады.

40. Сараптамалық кеңес операторға өтінімнің коммерциялық перспективасына қатысты ұсынымдарды енгізу үшін өтінімдерді және тәуелсіз сараптама қорытындыларын қарастырады.

41. Өтінімдер бойынша мәлімделген шығындардың негізділігін тексерген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сараптамалық кеңес ұлттық институтқа өтінімнің коммерциялық перспективасына қатысты ұсынымдарды енгізу үшін өтінімдерді және тәуелсіз сараптама қорытындыларын қарастырады.

42. Сараптамалық кеңестің ұсынымдарын алған күннен бастап 10 (оң) жұмыс күні ішінде ұлттық институт грант беру туралы немесе оны беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

43. Инновациялық гранттар беру туралы шешімді ұлттық институт тәуелсіз сараптаманың оң қорытындылары және мәлімделген шығындар негіздемесі, сараптамалық кеңестің ұсынымдары негізінде шығарады.

44. Ұлттық институт мынадай жағдайлардың бірі орын алған кезде грант беруден бас тарту туралы шешім шығарады:

- 1) тәуелсіз сараптаманың теріс қорытындысы;
- 2) мәлімделген шығындардың негізсіздігі;
- 3) сараптамалық кеңестің теріс қорытындысы;
- 4) өтінім берушінің дәйексіз ақпарат беруі.

45. Грант беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұлттық институт өтінім берушіге шешімнің үзіндісі қоса берілген грант беруден бас тарту туралы негіздемені жібереді.

46. Технологияны коммерциялық пайдалануға арналған жобаның тұжырымдамасын негіздеу сатысында өтінім бермей, өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында грант беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш беруші өз қалауы бойынша технологияны коммерциялық пайдалануға арналған жобаның тұжырымдамасын негіздеу сатысында грант беруге өтінім беру туралы шешім қабылдайды.

47. Ұлттық институттың грант беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешімі оны қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның және ұлттық институттың ресми интернет-сайтында жарияланады.

48. Ұлттық институт грант беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде грант алушылармен жобаны іске асыру мерзімін өзектілендіреді және ұлттық институт бекіткен нысан бойынша инновациялық грант беру туралы шарт жасасады.

49. Грант беру туралы шартқа қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның көшірмесі уәкілетті органға жіберіледі.

50. Егер грант беру туралы шарт өтініш берушінің кінәсі бойынша осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген мерзімдерде жасалмаған жағдайда ұлттық институт грант беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

51. Грант қаражатын оның мақсатты қолданысына сәйкес пайдалану процесін тиімді бақылау мақсатында ұлттық институт одан әрі уәкілетті органға жарты жылда бір рет есеп жіберу үшін іс-шаралардың іске асырылуына, грант алушының бюджет қаражатын мақсатты игеруіне тұрақты мониторинг жүргізеді.

52. Шығындардың бір бөлігін төлеу түрінде ұсынылатын грант қаражатын оның нысаналы мақсатына және белгіленген тәртіппен бекітілген шығындар сметасына қатаң сәйкестікте пайдалану грант беру туралы шарттың негізгі талабы болып табылады.

Алынған қаражат бекітілген шығындар сметасында көзделмеген мақсатқа пайдаланылған жағдайда грант түрінде ұсынылған бюджет қаражаты толығымен республикалық бюджетке қайтарылады.

Гранттарды беру шарттары

53. Технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында грант мынадай жұмыс түрлерін жүзеге асыруға беріледі:

1) бірлесіп орындаушыларды тарту мүмкіндігімен сынақ-тәжірибелік үлгіні немесе бастапқы конструкцияны өнімнің немесе процестің жұмыс істейтін моделіне және/немесе макетіне дейін жеткізу;

2) техникалық және басқа деректерді алу, техникалық құжаттамада алынған нәтижелерді көрсету үшін тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижелерін тәжірибелік сынақтардан өткізу және ұйымдастыру;

3) арнайы тестілеу және/немесе көрсету арқылы жобаның техникалық іске асырылуын негіздеу;

4) сыртқы сарапшыларды тартуға жұмсалған шығындарды қоса алғанда, жобаның коммерциялық тартымдылығын негіздеу;

5) сыртқы сарапшыларды тарта отырып, технологияны коммерцияландыру стратегиясын және алдын ала бизнес-жоспарды жазу;

6) Қазақстан Республикасында патенттеуге өтінім беру.

54. Технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында грант жазбаша өтінішпен расталған жобаны іске асырудың екінші сатысына өтініш берушінің міндетті түрде қатысуы шартымен беріледі. Осы талап бұзылған жағдайда грант алушы технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеуге берілген қаражаттың

барлық көлемін қайтарады. Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында грант беруде ұлттық институт теріс шешім қабылдаған жағдайда, грант алушының технологияны коммерциялық қолдануға арналған жобаның тұжырымдамасын негіздеуге берілген қаражат көлемін қайтару бойынша міндеттемелері жоқ.

55. Технологияны коммерциялық қолдануға арналған жобаның тұжырымдамасын негіздеу үшін грант сомасы және игеру мерзімі нақты жобаның ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады, бірақ:

- 1) мерзімі бойынша - 6 (алты) айдан;
- 2) сомасы бойынша – 95 (тоқсан бес) пайыздан, бес миллион теңгеден артық емес.

56. Грант алушының технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба тұжырымдамасын негіздеу сатысында грант қаражатын игеру нәтижелері мыналар болып табылады:

- 1) өнім өндірісіне ұсынылатын сынақ немесе тәжірибелік үлгіні сынақтан өткізу туралы есеп;
- 2) технологияларды қолдану бойынша техникалық құжаттама;
- 3) өнім өндірісіне ұсынылатын макет және/немесе модель;
- 4) сыртқы сарапшыларды тарта отырып, жобаның коммерциялық тартымдылығының негіздемесі туралы маркетингтік есеп;
- 5) технологияны одан әрі коммерцияландыру стратегиясымен қоса алдын ала бизнес-жоспар;
- 6) технологияны өндіріске енгізуге және (немесе) сатып алуға мүдделі тұлғалардың ниетін растайтын құжаттар;
- 7) ұлттық патент алуға өтінім (бар болған жағдайда).

57. Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында грант:

- 1) сыртқы сарапшыларды тарта отырып, толық бизнес-жоспарды жазу;
- 2) нақты жағдайларда сериялық өндіріске дайын өнеркәсіп прототипін әзірлеу;
- 3) түпкі өнімнің дизайнын әзірлеу;
- 4) сапаны және қауіпсіздікті сертификаттаудан өткізу;
- 5) ұсынылатын өнім өндірісіне жобалық-конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;
- 6) өнім өндірісіне ұсынылатын өнеркәсіп прототипін нақты жағдайларда сынақтардан өткізу;
- 7) өнеркәсіп прототипін тасымалдау және көрсету;
- 8) зияткерлік меншікті қорғау (болған жағдайда) үшін беріледі.

58. Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі

сатысында грантты игеру мерзімі нақты жобаның ерекшеліктеріне сәйкес а й қ ы н д а л а д ы :

- 1) мерзімі бойынша - 24 (жиырма төрт ай) айдан аспайды;
- 2) сомасы бойынша - 95 (тоқсан бес) пайыздан, жиырма бес миллион т е н г е д е н а с п а й д ы .

Өнеркәсіп прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында грант бөлу күнтізбелік жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүргізіледі.

59. Өнеркәсіп прототипін жасау және технологияны одан әрі коммерцияландыру сатысында өтініш берушінің грант қаражатын игеру нәтижесі :

- 1) жобаның соңғы бизнес-жоспары;
- 2) өнім өндірісіне ұсынылатын дайын өнеркәсіп прототипі;
- 3) сапа және қауіпсіздік сертификаттары;
- 4) өнім өндірісіне ұсынылатын жобалық-конструкторлық құжаттама;
- 5) өнім өндірісіне ұсынылатын өнеркәсіп прототипін сынақтан өткізу туралы е с е п ;
- 6) өнеркәсіп прототипін өндіріске енгізуге және (немесе) технологияларды сатып алуға мүдделі тұлғалардың ниетін растайтын құжаттар;
- 7) мүдделі кәсіпорындар немесе ұйымдарда өнеркәсіп прототипін сынақтан ө т к і з у а к т і с і ;
- 8) қорғау құжаттары (бар болған жағдайда) болып табылады.

60. Технологияны коммерциялық қолдануға арналған жобаның тұжырымдамасын негіздеу және өнеркәсіп прототипін жасау және технологияны одан әрі коммерцияландыру сатыларында грант:

- 1) үшінші тұлғалар (бірлесіп орындаушылар, смета бойынша барлық шығындардың 50 (елу) пайызынан артық емес) атқаратын жұмыстарға а қ ы т ө л е у г е ;
- 2) жабдыққа (смета бойынша барлық шығындардың 50 (елу) пайызынан а р т ы қ е м е с) ;
- 3) материалдар мен жинақтауыштарға (смета бойынша барлық шығындардың 50 (елу) п а й ы з ы н а н а р т ы қ е м е с) ;
- 4) іссапарларға (смета бойынша барлық шығындардың 10 (он) пайызынан а р т ы қ е м е с) ;
- 5) қосымша шығындарға (смета бойынша барлық шығындардың 10 (он) п а й ы з ы н а н а р т ы қ е м е с) ;
- 6) патенттеу шығындарына (смета бойынша барлық шығындардың 10 (он) пайызынан артық емес) пайдаланылады.

Өтінімдердің тәуелсіз сараптамасы

61. Ұлттық институт тәуелсіз сараптаманы жүргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

62. Тәуелсіз сараптама жобаны іске асыру орындылығының бағасы болып табылады. Тәуелсіз сарапшы ретінде отандық және шетелдік жеке және (немесе) заңды тұлғалар әрекет ете алады.

63. Өтінімдерді бағалауға тартылатын тәуелсіз отандық және шетелдік сарапшылар болып табылатын жеке тұлғалар үшін мынадай жалпы біліктілік талаптары қойылады:

1) сарапшы ретінде әрекет етуі көзделіп отырған білім саласында кемінде 10 (он) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге және (немесе) индустриялық-инновациялық жобаны жүзеге асыруға қатысу тәжірибесінің болуы;

3) ғылыми дәрежесінің болуы (ғылым кандидаты/ғылым докторы, Ph.D);

4) тиісті сала бойынша ғылыми жарияланымдарының болуы;

5) жобаларды инвестициялық бағалауға байланысты жұмыстарда кемінде 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.

64. Өтінім сараптамасы ерекше білімдер мен дағдылары бар сарапшының бағалауын талап еткен жағдайда, ұлттық институт осындай сарапшыны іздестіреді және оны осы Қағидалардың 63-тармағының талаптарын ескермей, оны өтінімді бағалауға тартады.

65. Отандық және шетелдік сарапшылардың жобалардың тәуелсіз сараптамасын қамтамасыз етуі жөніндегі қызметтерді көрсетуге тартылатын заңды тұлғалар үшін мынадай талаптар қойылады:

1) сараптамалық ұйым ретінде қызмет етуі көзделіп отырған экономика саласындағы немесе аясындағы сараптамалық қызметтер көрсету нарығында кемінде 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) тәуелсіз сарапшы ретінде қызмет етуі көзделіп отырған экономика саласында немесе аясында тәуелсіз сараптама үшін тартылатын, осы Қағидалардың 63-тармағының талаптарына сәйкес келетін кемінде 10 (он) отандық сарапшылар тобының болуы;

3) тәуелсіз сарапшы ретінде қызмет етуі көзделіп отырған экономика саласында немесе аясында тәуелсіз сараптама үшін тартылатын, осы Қағидалардың 63-тармағының талаптарына сәйкес келетін растайтын құжаттары мен түйіндемесі қоса берілген кемінде 5 (бес) шетелдік сарапшылар тобының болуы.

66. Жобаның тәуелсіз сараптамасын жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды

тарту кезінде әрбір сарапшымен ұлттық институт сараптамалық қызмет көрсету туралы шарт жасасады. Сараптамалық қызметтер көрсету туралы үлгілік шартты ұлттық институт бекітеді.

67. Тәуелсіз сараптаманы өткізу тәртібін, оған қоса тәуелсіз сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеу шарттарын, кешендік бағалау қорытындысын дайындау тәртібін ұлттық институт бекітеді.

68. Егер өтінім тәуелсіз сараптаманың бірінен теріс қорытынды алған жағдайда, өтінім тәуелсіз сараптама кезеңінен өтпеген болып есептеледі.

69. Өтінімді алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде тәуелсіз сарапшылар ұлттық институтқа қағаз және электронды тасымалдағыштарда (PDF немесе JPEG форматында сканерден өткізілген) өтінім бойынша сараптамалық қорытындыны ұсынады.

70. Өтінімдердің тәуелсіз сараптамасы тұжырымдаманы негіздеу сатысында мынадай өлшемдер бойынша бағалауды қосу керек:

1) Жобаның өзектілігі:

қосылған құны жоғары жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді/процестерді жасауға жобаның мақсатталған дәрежесі; инновациялық гранттар берудің басым бағыттарына сәйкестігі.

2) Ғылыми-техникалық әлеует:

теориялық зерттеулердің аяқталуы, тұтынушыларға көрсету және сертификаттау үшін өндірістік үлгілерді жасауды қоса алғанда, жобаның әзірлеу сатысына көшуге дайындығы;

зияткерлік меншіктің қорғаныс, иелік ету құқықтары мәселелері бойынша нақтылық және жобаны коммерцияландыру кезінде оны пайдалану үшін кедергілердің болмауы;

технологияның жаңашылдық дәрежесі және сапалық және сандық көрсеткіштер бойынша қолданыстағы үздік әлемдік аналогтарға сәйкестігі; ұсынылатын әдістермен белгіленген мерзімде жобаның іске асырылуы.

3) Қаржылық-экономикалық және коммерциялық әлеует:

өнім/процесс және өткізу нарығы нақты анықталған; бәсекелестердің болуы және өнімнің/процестің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі;

индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асыруда практикалық тәжірибе мен команданың болуы;

жобаны іске асыру мерзімі мен қайтарымдылығын анықтау және негіздеу.

4) Ғылыми және техникалық тәуекелдер:

ғылыми тәуекелдер – технологияның теориялық негіздемесінің теріс нәтижесін, зияткерлік меншікті қорғаудың мүмкін еместігін, технологияны санкциясыз пайдалануды қоса алғанда, технологияны ғылыми әзірлеумен

б а й л а н ы с т ы ;

техникалық тәуекелдер – техникалық іске асырудың мүмкін еместігін, қажетті технологиялық, шикізаттық базаның болмауын, экологиялық мәселелерді анықтауды қоса алғанда, техникалық/технологиялық шешімдерді даярлаумен б а й л а н ы с т ы .

71. Өндірістік прототиптің жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысында өтінімдердің тәуелсіз сараптамасы мынадай өлшемдер бойынша бағалауды қамтуы қажет:

1) Ө з е к т і л і г і :

өнімнің техникалық және экономикалық сипаттамалары мен нарықтың сипаттамасы бойынша негізделген сандық мәліметтермен расталған жоғары қосылған құнмен жаңа тауарлар өндірісін жасауға жобаның бағытталу дәрежесі; инновациялық гранттар берудің басым бағыттарына сәйкестігі; техникалық-технологиялық шешім деңгейі;

технологияның жаңашылдық дәрежесі мен сапалық және сандық көрсеткіштер бойынша қолданыстағы үздік әлемдік аналогтарға сәйкестігі тұтынушыларға айтарлықтай бәсекелестік артықшылық алуға мүмкіндік береді;

зияткерлік меншіктің қорғаныс, иелік ету құқықтары мәселелері бойынша нақтылық және жобаны коммерцияландыру кезінде оны пайдалану үшін кедергілердің жоқтығы;

нақты жағдайларда жобаның техникалық іске асырылуын анықтау.

2) Ө т к і з у н а р ы ғ ы :

әлеуетті тұтынушылар мен өткізудің перспективалы нарығының болуы; әлеуетті серіктестермен ниеттерді және/немесе уағдаластықтарды растау;

ұйымдастырушылық әлеует;

команданың болуы, кәсіпкерлік саласында тәжірибені және технологияны табысты коммерцияландыру үшін қажетті тәжірибелік дағдыларды растау.

3) Қаржылық-экономикалық және коммерциялық әлеует:

жобаның пайдалылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін ұсынылған қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің нақтылығы және негізділігі;

жобаны іске асыру мерзімін мен қайтарымдылығын анықтау және негіздеу; тұтынушы үшін «бірегей» функционалдық және бағалық артықшылықтардың болуы ;

жобаны іске асыру үшін грант қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда қосымша қаржыландыру көздерінің болуы;

жобаны коммерцияландыру стратегиясы мен схемасының болуы; рұқсаттарды, келісімдерді, лицензияларды және/немесе сертификаттарды алу қажеттілігі .

4) Ғылыми, техникалық және өндірістік тәуекелдер:
ғылыми тәуекелдер – технологияның теориялық негіздемесінің теріс нәтижесін, зияткерлік меншікті қорғаудың мүмкін еместігін, технологияны санкциясыз пайдалануды қоса алғанда, технологияны ғылыми әзірлеумен
б а й л а н ы с т ы ;

техникалық тәуекелдер – техникалық іске асырудың мүмкін еместігін, қажетті технологиялық, шикізаттық базаның болмауын, экологиялық мәселелерді анықтауды қоса алғанда, техникалық/технологиялық шешімдерді әзірлеумен
б а й л а н ы с т ы ;

өндірістік тәуекелдер – инновациялық өндірісті ұйымдастырумен байланысты

Технологияларды _____ коммерцияландыруға
арналған _____ инновациялық _____ гранттар
беру _____ қағидаларына
1-қосымша

Тіркелген күні:

Өтінім нөмірі: _____

20 ____ ж. « ____ » _____

(ұлттық институт береді)

Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық грант алуға

ӨТІНІМ

(заңды тұлғаның атауы / жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

1) технологияны коммерциялық қолдануға арналған жоба
тұжырымдамасын _____ негіздеуге;

2) өнеркәсіп прототипін жасауға және оның коммерциялық
көрсетілуіне _____ (қажеттісінің _____ астын _____ сызыңыз)
инновациялық грант алу үшін қажетті құжаттар пакетімен қоса осы
өтінішті _____ жіберіп _____ отыр.

Ұсынылатын жобаның тақырыбы: _____

Жобаның толық құны, теңгемен (санмен және жазбаша): _____

Инновациялық гранттың мәлімделген сомасы, теңгемен (санмен және жазбаша): _____

Мазмұны, мерзімдердің негіздемесі және жобаның құны қоса берілген құжаттарда келтірілген. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығына к е п і л д і к б е р е м і з .

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы «__» _____ № _____ қаулысымен бекітілген Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларымен таныстым.

Қағидаларға сәйкес талап етілетін құжаттар _____ парақта қоса берілген.

(өтініш берушінің атынан

құжаттарға қол кою үшін

өкілеттігі бар адамның

лауазымы)

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Конкурса құжаттарды алғаны туралы белгі (ұлттық институт толтырады)

Алынған күні: 20__ жылғы «__» _____

Өтінімнің тіркеу нөмірі _____

Тіркеуші _____

(Т . А . Ә .)

(қолы)

Заңды тұлғалар үшін ескертпе: ұйым бланкісінде жасалады. Өтінімге бірінші басшы немесе өзге уәкілетті тұлға қол қояды.

Технологияларды _____ коммерцияландыруға арналған _____ инновациялық _____ гранттар

б е р у _____ қағидаларына

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ӨТІНШІ БЕРУШІНІҢ САУАЛНАМАСЫ

(заңды тұлға үшін)

(ұйымның толық атауы)

Заңды мәртебесі және меншік түрі: _____

Жетекшілік ететін ведомство, ұйым, жоғары оқу ведомствосы, ғылыми-зерттеу институты немесе холдинг: _____

Құрылған жылы: _____

Мекенжайы индекс, облыс, аудан, елді мекен, көше, үй (пәтер, кеңсе): _____

Тел.: _____ Факс: _____

Эл. пошта: _____ Веб-сайт: _____

Банк деректемелері, есеп айырысу шоты, валюталық шот, банктік жеке код, бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

Алынған және өтелмеген теңгелік және валюталық кредиттер:

Қызмет түрі: _____

с а л а , к і ш і с а л а :

Бірінші басшы (Т.А.Ә., туған жылы, лауазымы, нақты пошталық мекенжайы және жұмыс телефонының нөмірі, білімі): _____

Бас бухгалтер (Т.А.Ә., телефоны): _____

Байланыс жасайтын тұлға (Т.А.Ә., телефоны, ұялы телефоны, мекенжайы): _____

Ұйым басшысының қолы: _____
(Жалғасы)

ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ САУАЛНАМАСЫ **(жеке тұлға үшін)**

Тегі, аты, әкесінің аты: _____

Туған күні: _____

Білімі: _____

Ғылыми дәрежесі (атағы): _____

Жеке басының куәлігі немесе паспорты (нөмірі және кім берді) _____

Мекенжайы (индекс, облыс, аудан, елді мекен, көше, үй, пәтер): _____

Жұмыс орны және лауазымы: _____

Қызмет тел.: _____ Үй тел.: _____

Ұялы тел.: _____ Факс: _____

Эл. пошта: _____

Банк деректемелері, есеп айырысу шоты, валюталық шот, жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Қолы _____
Технологияларды _____ коммерцияландыруға
арналған _____ инновациялық _____ гранттар
беру қағидаларына
3-қосымша

ЖОБАНЫҢ ПАСПОРТЫ

**(Технологияны коммерциялық қолдануға арналған
индустриялық-инновациялық жоба тұжырымдамасын негіздеу/өнеркәсіп
прототипін жасау және оның коммерциялық көрсетілуі сатысындағы
инновациялық грант үшін)**

1. Жобаның атауы: _____

2. Жобаның өзектілігі: _____

3. Жобаның және оның мақсаттарының жаңашылдығын, бірегейлігін, жоба нәтижелерін нақты қолдануды, пайдалану перспективаларын және басқаларды қамтитын сипаттамасы: _____

4. Жобаның күтілетін нәтижелері (сату көлемі): ноу-хау, патент, басқа құжаттама; зертханалық/тәжірибелік үлгі, технология, технологиялық процесс, бұйымдардың, тораптардың және агрегаттардың прототиптері; сервистік және өзге де қызметтер (қажеттісінің астын сызыңыз); басқасы (көрсетіңіз):

5. Қолдану саласы: _____

6. Техникалық нәтиженің сипаттамасы (қажеттісінің астын сызыңыз): жаңа өнімді, процесті, қызметті жасау, басқалары (көрсетіңіз): _____

7. Жобаны іске асыру жоспары: _____

8. Жобаның негізгі техникалық шешімдерін патенттік қорғау (қажеттісінің астын сызыңыз): талап етіледі, талап етілмейді, патенті бар, _____ құқықтық _____ қорғанысы _____ бар.

9. Жобаның дайындық дәрежесі (қажеттісінің астын сызыңыз): ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді (шифр, код), кәсіпорында/холдинкте/корпорацияда талқыланды (хаттама), жобалық-конструкторлық құжаттама бекітілді (хаттама), өндіріске беруге дайындығы және/немесе ҒЗЖ аяқталуы туралы растайтын құжаттар (көрсетіңіз): _____

10. Жобаны іске асыратын топ (Т.А.Ә., жұмыс өтілі, біліктілігі, функционалдық міндеттері, түйіндемесі қоса берілген, 4 адамнан аспайды). Топ мүшесінің қайсысы бизнес жүргізу дағдысына ие екенін көрсетіңіз: _____

12. Жоба тәуелсіз сараптамадан өтті ме (иә, жоқ, қалай, кімнен)? _____

13. Маркетингтік зерттеу жүргізілді ме? Маркетингтік зерттеу жүргізілген жағдайда нәтижесін (бар болса) сипаттаңыз: _____

14. Жоба нәтижелерін сатып алу ниеті туралы шарттар/хаттамалар бар ма (иә, жоқ, кіммен, қандай көлемде): _____

15. Жоба іске асырылатын орын: _____

19. Салалық, өнірлік және мемлекеттік деңгейде жобаны қолда

Жоба бойынша толтырылатын қосымша нысан

Технологияны әзірлеушілер туралы мәліметтер	
Кәсіпорын атауы	
Т.А.Ә.	
Лауазымы	
Телефон	
Факс	
Хат алысу мекенжайы	
Электрондық пошта	
Сіздің технологияңыз қай сатыда? - Іргелі зерттеу - Ғ 3 Т К Ж - Тәжірибелік үлгі	
Зерттеушілер/әзірлеушілер технологияны коммерцияландыру жобасына қатысты ма	
Инновациялық жобаларды іске асыруды басқару бойынша қажетті тәжірибеге ие технологияны коммерцияландыру жобасының менеджерлер тобы бар ма немесе анықталды ма? Бар болған жағдайда оларды сипаттап көрсетіңіз.	

Жобаны әзірлеушілер технологияны коммерцияландыру жобасына қатыса ма?	
Жобаны әзірлеушілер/зерттеушілер сыртқы инвесторлармен жобаны қаржыландыруға өздерінің инновациялық кәсіпорындарының үлесімен немесе зияткерлік меншік үлесімен алмасуға дайын ба?	
Жобаны әзірлеушілер/зерттеушілер технологияны коммерцияландыру жобасын іске асыратын кәсіпорынға өз ресурстарын салуға дайын ба?	
Технологияның/өнімнің сипаттамасы	
Технологияның/өнімнің атауы	
Технологияның функционалдық мақсаты	
Технологияның толық сипаттамасы	
Қолданылу саласы, оның ішінде қолданылу перспективасы	
Технологияны бағалауға қажетті кемінде 5-6 техникалық параметр тізімі	
Ұсынылған технология параметрлері мен қазіргі бәсекелес әзірлемелер өлшемдерін салыстырыңыз	
Ұсынылған технологияның болжамды артықшылықтарын осы саладағы қазіргі техникалық даму деңгейімен салыстырыңыз	
Қосымша анықтамалар үшін бәсекелес технологиялардың атауын және/немесе толық сипаттамасын енгізіңіз	
Әзірлеменің әрбір артықшылығын қолданыстағы технологиялармен салыстыра отырып, кем дегенде 5 сөйлеммен сипаттаңыз	
Әрбір қолданылу саласын кем дегенде 5 сөйлеммен сипаттаңыз	
Технологияның жұмысы нәтижелерін әлеуетті инвесторларға/серіктестерге көрсету үшін прототиптерді әзірлеу, оларды сынау мақсатында қосымша ҒЗТҚЖ жүргізу үшін қосымша уақыт, қаражат және басқа ресурстар қажет бола ма және қандай көлемде?	
Технологияны қолдануға қандай да бір шектеулер бар ма, нарықта өнім немесе қызметтер өндіру және сату үшін қандай да бір қадағалау органынан лицензиялар, рұқсаттар сертификатын алу қажет пе?	
Зияткерлік меншікті бағалау	
Технология авторының Т.А.Ә.	
Патенттердің болуы (алдын ала патент, инновациялық патент, Еуразиялық патент, шетелдік патент)	
Бәсекелес технологияны патенттік іздеу нәтижелері	

ноу-хау-дың болуы	
Патентке өтінім беру күні	
Патентке өтінім берілген мемлекет	
Патент берілген күн	
Қосымша патенттерге өтінім беріле ме?	
Лицензиялаудың басталған күні (егер болса)	
Лицензиялаудың тоқтатылған күні	
Болжамды лицензия алушылар	
Зияткерлік меншіктің авторы мен иегері кім (әзірлеушілер, зерттеушілер, институт, тапсырыс беруші, т.б.)?	
Осыған дейін шығарылған технологиялар (мысалы, есептеп шығару алгоритмі) және ҒЗТКЖ нәтижелерін алу үшін, бірақ ҒЗТКЖ тыс пайда болған зияткерлік меншік бар ма? Бұл зияткерлік меншік қандай үлгіде және қорғанышы қайда, оның құқықтық иегері кім?	
Технологиялық әзірлік деңгейін бағалау	
Аналогтар мен алмастырушылардың болуы	
Өндіруші фирмалар	
Осы өндіруші өнімінің бір данасының нарықтағы бағасы	
Өнімнің негізгі тұтынушы тобы	
Сіздің технологияңыздың осы өндірушімен салыстырғандағы негізгі артықшылығы	
Жобаның нарықтық тартымдылығын бағалау	
Инновациялық өнім немесе оның қызметі нарықтық сынақтан өтті ме?	
Жобаның нәтижесі бойынша не сатылады: технология немесе оны қолданумен байланысты әзірленген өнім/қызметтер?	
Өнімнің немесе қызметтің мақсатты тұтынушылары кімдер?	
Нарықтағы немесе сатылатын өнімдермен салыстырғанда бұл өнім/қызмет қандай қосымша тұтынушылық қасиеттерге немесе бәсекелестік артықшылықтарға ие?	
Географиялық, секторлық немесе басқа белгілерге теңестірілген өнімді немесе қызметті сату үшін мақсатты нарығы қандай?	
Әзірленген технологияны қолдана отырып, өнімге немесе оның қызметіне қызығушылықтарды анықтау арқылы нарықты зерделеу жүргізілді ме? Мына технологияға қызығушылықты құжат түрінде танытқан компанияның атауын немесе тұлғалардың атын жазу қажет.	

Өтінім беруші ұйымының басшысы (жеке тұлға)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

М.О.

Технологияларды
арналған инновациялық
қ а ғ и д а л а р ы н а
4-қосымша

коммерцияландыруға
гранттар беру

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР ЖОБАСЫ

Ж о б а н ы ң

а т а у ы :

Р/с №	Шарт бойынша жұмыстардың және олардың негізгі кезеңдерінің атауы	Жұмыстарды орындау мерзімі (ай)	Кезеңнің есеп айырысу бағасы (теңге)	Есептілік нысаны мен түрі
1	2	3	4	5

Өтінім беруші ұйымының басшысы (жеке тұлға)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

М.О.

Технологияларды
арналған инновациялық
қ а ғ и д а л а р ы н а
5-қосымша

коммерцияландыруға
гранттар беру

ШЫҒЫСТАР СМЕТАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Жобаның атауы _____

Технологияны коммерциялық қолдануға арналған
индустриялық-инновациялық жоба тұжырымдамасын негіздеуді орындауға
грант алу үшін толтырылады.

1-кесте

Жұмысты орындауға жұмсалатын шығындар	Шығындардың барлық сомасы, теңге	Жұмыстардың кезеңдері		
		1	2	3
Шығындар - БАРЛЫҒЫ:				
Оның ішінде баптар бойынша -				
1. Үшінші тұлғалар (бірлесіп орындаушылар, смета бойынша барлық шығындардың 50 %-нан аспауы тиіс) орындаған жұмыстарға ақы төлеу				
2. Жабдық (смета бойынша барлық шығындардың 50 %-нан аспауы тиіс)				
3. Материалдар және жинақтауыштар (смета бойынша барлық шығындардың 50 %-нан аспауы тиіс)				
6. Ғылыми іссапарлар (смета бойынша барлық шығындардың 10 %-нан аспауы тиіс)				
7. Үстеме шығыстар (смета бойынша барлық шығындардың 10 %-нан аспауы тиіс)				
8. ҚР-да патенттеу шығындары (смета бойынша барлық шығындардың 10 %-нан аспауы тиіс)				
Анықтама: басқа қаржыландыру көздері есебінен шығындар – БАРЛЫҒЫ:				
оның ішінде:				
- меншікті қаражат				
- өзгелері (қандай екенін көрсету керек)				

Өтінім беруші ұйымының басшысы (жеке тұлға)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

М.О.

Технологияларды
арналған инновациялық

коммерцияландыруға
гранттар беру

қ а ғ и д а л а р ы н а

6-қосымша

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КЕСТЕСІНІҢ ЖОБАСЫ

Жобаның атауы _____

Р/с №	Жоба бойынша жұмыс кезеңдері	Кезеңнің басталған және аяқталған күні	Әр кезеңге арналған қаржыландыру сомасы, мың теңге

Өтінім беруші ұйымының басшысы (жеке тұлға)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

М.О.

Технологияларды

коммерцияландыруға

арналған

инновациялық

гранттар

беру

қ а ғ и д а л а р ы н а

7-қосымша

ТЕХНОЛОГИЯНЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН ЖОБА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН НЕГІЗДЕУ

1. Жобаның мақсаты, өзектілігі, жобаны орындау нәтижелері.
2. Жобаны іске асыру бойынша жұмыстың мәні мен мазмұны (техникалық бөлім 1,5 беттен артық емес, маркетингтік бөлім 3,5 беттен артық емес).

Т Е Х Н И К А Л Ы Қ Б Ө Л І М

Ұсынылған әзірleme жобасының техникалық мәні егжей-тегжейлі сипатталады (қажет болса жазылғанды суреттермен, схемалармен, диаграммалармен, фотосуреттермен және т.б. көрсету керек). Әзірленетін технологияның, құрылғының, процестің техникалық параметрлерін және негізгі сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық тапсырманың жобасын жасауға және негіздеуге мүмкіндік беретін жоба бойынша жұмыстың ғылыми-техникалық мазмұны нақтыланады. Жаңа өнімді және технологияны жасаудың немесе (аналогы бар әзірlemenің түпкілікті объектісі үшін) оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін функционалдық, тұтынушылық, құндық және басқа көрсеткіштерді жақсартудың алғышарттары қандай жаңашылдықтардың есебінен пайда болатынын көрсету керек. Мәлімделген мақсаттарға қол жеткізген кезде мүмкін техникалық тәуекелдер талқыланады.

М А Р К Е Т И Н Г Т І К Б Ө Л І М

3. Тауар өнімін өткізудің әлеуетті нарығы және оны тұтынушылар.

Тауар өнімін өткізу нарығына сипаттама және баға беріледі. Өнімге ішкі және сыртқы нарықтардағы қолданыстағы және болжамды сұраныстың заттай есептелген және ақшалай баламада бағасы келтіріледі. Мыналар: арнайы маркетингтік зерттеулер жүргізілді ме, қандай компаниялар жобаның нәтижелерін немесе олардың негізінде жасалған өнімдер мен технологияның әлеуетті тұтынушысы болады, аналог өнімдерді өндіруші негізгі компаниялар сипатталады. Арнайы маркетингтік зерттеулер жүргізілген жағдайда тиісті құжаттаманы қоса беру қажет.

4. Өнімнің артықшылығы мен бәсекеге қабілеттілігі негізделеді.

Өнімнің техникалық және құндық көрсеткіштерінің қандай жиынтығы оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететіні айқындалады. Ұсынылатын жаңа өнімнің нақты параметрлерін нарықтағы техникалық көрсеткіштері мен құнының жиынтығы бойынша аналогтармен салыстыру кестесі келтіріледі. Өнім иелену мүмкін нарық тауашасы (ақшалай және заттай мәндегі өткізу көлемі, нарық үлесінің пайызы) бағаланады. Көрсетілген параметрлері бар тауар өнімін нақты тұтынушыларға өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттарды (кепілдеме хат, міндеттемелер, шарттар және т.с.с.) қоса берген жөн. Өнімнің немесе оның құрамдасарының болжамды санаттарын сертификаттауды жүргізудің қажеттілігі нақтыланады.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ БӨЛІМ

5. Жоба бойынша жұмыс кезеңдері.

Кезеңдер бойынша және тұтастай жоба бойынша жұмыс жүргізудің дәйектілігі мен мерзімдері сипатталады және негізделеді. Әрбір кезең бойынша қандай аралық нәтижелер күтілетіні және олар қандай есеп құжаттарымен расталатыны көрсетіледі. Айтылғандардың негізінде күнтізбелік жоспардың жобасы құрастырылады.

6. Жоба бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Жобаны басқа ұйымдармен бірлесіп орындаған кезде бірлесіп орындаушы ұйымдар (заңды тұлғалар) көрсетіледі. Жоба бойынша жұмыстарды өтінім беруші ұйым мен бірлесіп орындаушы ұйым арасында бөлу қажеттігі негізделеді. Нақты бірлесіп орындаушы ұйымдарды таңдау неге негізделгендігі көрсетіледі, әрбір бірлесіп орындаушы ұйым туралы қысқаша анықтама беріледі:

- 1) ұйымның толық атауы;
- 2) заңды және нақты мекенжайы;
- 3) ұйым басшысының Т.А.Ә., телефоны.

Жоба бойынша жұмыс процесінде бірлесіп орындаушы ұйымды ауыстыруға жол беріледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Жобаны орындау кезінде бюджет қаражатын мақсатты пайдалану негізделеді (шығындар) :

7. Ғылыми жұмыстар үшін арнайы жабдықтар сатып алу қажеттілігі, жеткізушілерді таңдау, номенклатура мен бағалар. Арнайы жабдықтарға мыналар жатқызылады: егер бұл техникалық тапсырма жобасында көзделген болса, стендтер, сынақ станциялары, аппаратура, аспаптар, тетіктер, құрылғылар және басқалары (оның ішінде зерттеулердің/сынақтардың объектілері болып табылатын сериялы бұйымдар). Зерттеулердің (сынақтардың) объектілері болып табылмайтын сериялы бұйымдар және сериялық (оның ішінде импорттық) есептеу техникасы ғылыми жұмыстарға арналған арнайы жабдыққа жатпайды.

8. Материалдарды және жинақтауыштарды сатып алу қажеттілігі, олардың номенклатурасы мен бағалары.

9. Жобаға қатысуға бірлесіп орындаушыларды тартудың қажеттілігі және тиісінше аударымдарымен бірге жалақы төлеуге мәлімделген қаражат көлемі: жоба бойынша әрбір жұмыс кезеңі бойынша әрбір жұмыскердің функциялары көрсетілген штаттық кестені, жоба бойынша жұмысқа жұмыскердің қатысу дәрежесі (толық жұмыс уақыты, жартылай қоса атқару), жұмыскердің жалақысы, ғылыми іссапарлар (ғылыми мақсаттағы іссапарлар) көрсетіледі.

10. Бірлесіп орындаушылар сатып алатын жабдық пен материалдарды шамалап көрсетуді қоса алғанда, олар атқарған жұмыстардың құны, сондай-ақ тартылатын персоналдың саны.

11. Жоғарыда жазылғандардың негізінде смета жобасы және жобаны қаржыландыру кестесінің жобасы құрастырылады.

Ескертпе: Барлық шығыс мәліметтер мен есептеу шамалары үшін оларды алу көздері көрсетілуі тиіс. Бағалық шамалар үшін есептеу жүргізілетін нақты күні көрсетілуі тиіс.